

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК



БЕКТЕМІН
Астана қаласы
Әдістемелік орталығының
басшысы
С. Дауешова
«15» 03 2023 жыл

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘН ОҚЫТУШЫЛАРЫ
МЕН СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ
«МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ» І-ші ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Астана қ, 2023 жыл

**Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының
жалпы білім беретін пән оқытушылары мен студенттеріне арналған
қалалық «Мағжан оқулары» І–ші ғылыми-тәжірибелік конференциясын
өткізу ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Астана қаласы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пән оқытушылары мен студенттеріне арналған қалалық «Мағжан оқулары» І–ші ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін, негізгі бағыттарын анықтайды.

1.2. Конференцияны ұйымдастырушы - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «М. Жұмабаев ат. халықаралық колледж» ЖШС.

1.3. Іс-шара Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша, орындаушылар байқаулары, кәсіби шеберлік байқаулары, спорттық жарыстар бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми конкурстардың) тізбесін бекіту туралы» № 514 бұйрығының негізінде жыл сайын ұйымдастырылып өткізіледі.

1.4. Конференция өткізу тілі: қазақ, орыс, ағылшын

1.5. Қатысу түрі: оффлайн

1.6. Мақсаты: Астана қаласы колледждерінің жалпы білім беретін пәндер бағыты бойынша дарынды, қабілетті және шығармашыл педагогтерді анықтау, білім алушылардың интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру.

1.7. Міндеттері:

- ✓ Мағжан Жұмабаевтың үздік туындыларын оқу және насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- ✓ Колледж білім алушыларының кәсіптік бағдары мен ғылыми әлеуетін дамыту.

II. Конференцияның жұмыс бағыттары

2.1. Педагогикалық брифинг: «Ұлттың ұлы ұстазы» (педагогикалық және жалпы білім беретін пән оқытушылары, шақырылған қонақтар).

2.2. «Мағжан оқулары» байқауы:

- ғылыми-шығармашылық жобалар (студенттер мен ғылыми жетекшілері).
- мәнерлеп оқу (студенттер, пән оқытушылары).

III. Конференцияға қатысу шарттары

3.1. Конференцияға Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогикалық мамандық бойынша арнайы пән, жалпы білім беретін пән оқытушылары және студенттер қатысады.

3.2. Бір бағыт бойынша әр колледжден 3 студент қатыса алады.

3.3. Бір педагог (жетекші) бір бағытта тек бір жұмысты ұсына алады.

3.4. Ғылыми-шығармашылық жоба авторы 2 студенттен аспауы тиіс.

3.5. Педагогикалық брифингке ұсынылатын баяндама авторы 1 адамнан аспауы тиіс.

IV. Конференцияның Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы

4.1. Конференцияға басшылықты ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- ✓ Сейдахметова Б.К. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(777)5338769.

- ✓ Исина Н.С. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс телефоны 8(701)6447318;
- ✓ Абилкадирова З.А. «М. Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі» ЖШС директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, байланыс телефоны 8(702)4686696;
- ✓ Тайшыгарина Н.У., «М. Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі» ЖШС директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, байланыс телефоны 8(701)4935776;
- ✓ Баймухамедова А.А., «М. Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі» ЖШС бөлім меңгерушісі, байланыс телефоны 8(702)4040850.

4.2. Ұйымдастыру комитеті Конференция өткізу туралы ережені, ілеспе құжаттаманы әзірлейді, қатысушыларды тіркейді, тізімін қалыптастырады, хаттамалар дайындайды, ресми интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялайды, марапаттау рәсімін ұйымдастырады.

4.3. Ұйымдастыру комитеті конференция бағыттары бойынша қазылар алқасының құрамын айқындайды.

4.4. Конференцияның «Мағжан оқулары» байқауы бойынша қазылар алқасы:

- ✓ Байқауға қатысушылардың жұмысын тыңдайды, тексереді және бағалайды;
- ✓ Байқау бағыттары бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

V. Конференцияның жұмыс бағыттары бойынша регламент және бағалау критерийлері

5.1. Жұмыс кезеңдері:

5.1.1. I-ші кезең - 2023 жылдың 11-14 сәуіріне дейін онлайн форматта жұмыстарды іріктеу және екінші кезеңге ұсыну.

5.1.2. II-ші кезең – 2023 жылдың 24 сәуірі офлайн форматта «М. Жұмабаев атындағы халықаралық колледжі» ЖШС базасында педагогикалық брифинг, ғылыми-шығармашылық жобалар, мәнерлеп оқу байқауы түрінде өтеді.

5.2. Педагогикалық брифинг «Ұлттың ұлы ұстазы»:

5.2.1. Баяндама тақырыбының сәйкестігі мен өзектілігі.

5.2.2. Ұсынылған іс-тәжірибенің практикалық маңыздылығы.

5.2.3. Презентацияның рәсімделуі (слайд 7-ден аспауы тиіс).

5.2.4. Сөйлеу регламентінің сақталуы (5 минут).

5.3. «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық жобалар байқауы:

5.3.1. Әрбір бағалау критерийі бойынша жұмыстар 0-ден 5 балға дейін бағаланады.

5.3.2. Бағалау критерийлері:

- ✓ Таңдалған тақырыптың өзектілігі;
- ✓ Ұсынылған ақпараттың ғылымилығы;
- ✓ Авторлық көзқарастың болуы;
- ✓ Презентацияның рәсімделуі (слайд саны 7-ден аспауы керек);
- ✓ Сөйлеу мәнері;
- ✓ Регламенттің сақталуы (5 минут).

5.4. «Мағжан оқулары» мәнерлеп оқу байқауы

5.4.1. Әрбір бағалау критерийі бойынша жұмыстар 0-ден 5 балға дейін бағаланады.

5.4.2. Бағалау критерийлері:

- ✓ Байқау тақырыбының сәйкестігі;
- ✓ Жатқа оқылатын шығарманың көлемі (4 шумақтан кем емес);
- ✓ Нақышына келтіріп оқу шеберлігі;

- ✓ Сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы;
- ✓ Сахна мәдениетінің сақталуы;
- ✓ Айтудың (дикция) ашықтығы мен тазалығы.

VI. Қатысу форматы, материалдарды өткізу және ұсыну мерзімдері

6.1. Конференцияның өту форматы: оффлайн.

6.2. Конференцияға қатысушының өтінімі мен материалдары *2023 жылғы 10 сәуірге дейін (қоса алғанда)* қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

6.3. Конференцияға қатысушылар жұмыстарын kazguu@mail.ru поштасына жібереді:

- ✓ Педагогикалық брифинг «Ұлттың ұлы ұстазы»: жеке өтініші, баяндама мәтіні, презентация (7 слайдтан аспауы тиіс);
- ✓ «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық жобалар байқауы: өтініш, ғылыми-зерттеу жұмысының мәтіні, презентация;
- ✓ «Мағжан оқулары» мәнерлеп оқу байқауы: өтініш, өзі жатқа оқитын шығарманың бейнетүсірілімі (сілтеме қоса салынады).

6.4. Конференцияны өткізу мерзімі *24.04.2023 жыл сағат 10.00-де*.

VII. Жұмыстарды ресімдеуге қойылатын талаптар

7.1. Жіберілетін жұмыс электронды нұсқада болуы қажет;

7.2. Жіберілетін жұмыс материалдары рецензияланбайды және ресімдеу талабына сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

VIII. Конференцияны қорытындылау

8.1. Конференция аясында педагогикалық брифинг жұмысында баяндама жасаған спикерлерге сертификат беріледі.

8.2. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері (әр жұмыс бағыты бойынша) I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

8.3. Конференция нәтижелері туралы ақпарат <https://astana-modern.edu.kz/ru/> сайтында жарияланады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының
жалпы білім беретін пән оқытушылары мен студенттеріне арналған қалалық
«Мағжан оқулары» І–ші ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысу туралы

ӨТІНІШ

№	Қатысушының толық аты-жөні (болған жағдайда ғылыми жетекшісінің толық аты-жөні)	ТЖКББ ұйымының атауы	Қатысатын жұмыс бағыты	Ұсынылатын жұмыстың тақырыбы	Байланыс телефоны, электронды поштасы

Күні, айы, жылы

Директордың аты-жөні, қолы